



«Бекітемін»  
Манғыстау облысы  
әкімінің орынбасары  
М. Скаков



«Бекітемін»  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
Спорт және дене шынықтыру істері  
комитетінің төрағасы  
К. Жаңағұлов



«    »

2018 ж.

2018 ж.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың  
жүлдесі үшін VI Халық спорты ойындарының  
ЕРЕЖЕСІ**

**I. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жүлдесі үшін VI Халық спорты ойындары (бұдан әрі - Ойындар):

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын іске асыру;
- Дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы салауатты өмір салты қағидаттарын бекіту;
- Танымал және халық спорты ойындарын одан әрі дамыту;
- Спорт резервін дайындау мен спортшылардың спорттық шеберлігін жетілдіру, спорт базасын нығайту;
- Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының тұрғындары арасындағы достық байланыстарды нығайту;
- Спорт ұйымдарының дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тұрғындарды тарту жөніндегі жұмыстарының нәтижелерін шығару мақсатында өткізіледі.

**II. ОЙЫНДАРДЫ ӨТКІЗУГЕ БАСШЫЛЫҚ:**

Ұйымдастыру комитеті ойындарды өткізуге жалпы басшылықты жүзеге асырады. Ойындарды тікелей өткізу Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру комитеті (бұдан әрі - Комитет) бекіткен спорт түрлерінен бас, төрешілер алкасы мен мандат комиссиясына жүктеледі.

Жарыстар спорт түрлері бойынша бекітілген ережелерге сәйкес өткізіледі. Медициналық қызмет, өрт сөндіру қызметі, қоғамдық тәртіпті сақтау, іс-шараны дыбыстық камтамасыз ету жергілікті атқарушы органға жүктеледі.

Жергілікті жерлерде Ойындар бағдарламасындағы жарыстарды (кезең-кезеңмен) ұйымдастыру мен өткізуді жергілікті дене шынықтыру-спорт бірлестіктері мен ұйымдарын, спорт ардагерлерін тарта отырып, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармалары жүзеге асырады.

11 0

### III. ОЙЫНДАРДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ:

Ойындар 4 кезеңде өтеді:

I кезең – ауылдық округтерде, мамыр айында;

II кезең – аудандық, маусым айында;

III кезең – облыстық, шілде айында;

IV кезең – Ойындардың ақтық сайысы **2018 жылғы 21-25 қыркүйек аралығында Маңғыстау облысының Ақтау қаласында өткізіледі.**

Келу күні – 21 қыркүйек. Волейболдан командалардың келу күні – 20 қыркүйек.

Жарыстың салтанатты ашылуы – 22 қыркүйек күні сағат \_\_\_ де.

Жарыстың салтанатты жабылуы – 25 қыркүйек күні сағат \_\_\_ де.

### IV. ОЙЫНДАРДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ:

Ойындардың ақтық жарыстарына дене шынықтыру және спорт басқармаларының өтінімдері бойынша облыстардың, Астана мен Алматы қ.қ. құрама командалары жіберіледі.

*Спорттың ойын түрлерінен Ойындардың барлық кезеңдеріне қатысуға Қазақстан Республикасының чемпионаттарында (суперлигада, жоғары лигада, бірінші лигада және қосалқы құрамада) өнер көрсететін спортшылар жіберілмейді.*

Спорт түрлерінен Ойындардың ақтық жарыстары кемінде бес команда қатысқанда ғана өткізіледі.

Спортшыларға Ойындардың бағдарламасындағы бір ғана спорт түрінен қатысуға рұқсат етіледі.

Команда өкілдері Ойындардың мандат комиссиясына келесі құжаттарды ұсынады:

- дене шынықтыру және спорт басқармасы куәландырған (№ 2 қосымша) өңірдің өтінімі;
- жеке куәлігі;
- ХҚКО-дан мекенжай анықтамасы (**анықтама 10 күн ішінде ғана жарамды**);
- денсаулығы туралы анықтама;
- әрбір қатысушының өзімен бірге жеке сақтандыру полисі болуы қажет.

Ойындарға қатысушылардың жасы – жарыстың өту күні толық 18 жаста және одан үлкен болуы керек.

Спортшылар көрсетілген аймақта мандат комиссиясын өту күніне бір жылдан кем емес мерзімде тұруы қажет.

Басқа өңірге өнер көрсететін спортшы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 7-бабы 28-тармақшасына сәйкес, «Спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына ауысуы қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 25 шілдедегі № 288 бұйрығын сақтануы қажет.

Берілген талапты орындамаған жағдайда, спортшының нәтижелері жойылады.

## V. ОЙЫНДАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ КОМАНДАЛАР ҚҰРАМЫ:

P/c №	Спорт түрлері	Қатысушылар		жаттықтыру шылар, өкілдер	төрешілер	Бар- лығы	
		ер	әйел				
1.	Волейбол	10	10	2	1	23	
2.	Шағын футбол	9	-	1	1	11	
3.	Қазақ күресі	9	7	2	1	19	
4.	Тоғызқұманак	2	2	1	1	6	
5.	Гір көтеру спорты	7	-	1	1	9	
6.	Қол күресі	6	-	1	1	8	
7.	Үстел теннисі	3	3	1	1	8	
8.	Жазғы Президенттік көпсайыс	7	7	2	1	17	
9.	Асық ату	3	3	1	1	8	
10.	Жағажай волейболы	2	2	2	1	7	
11.	Воркаут	6 адамға дейін	6 адамға дейін	1	-	13	
12.	Стритбол	4	4	2	1	11	
13.	Спорттық бағдарлау	4	4	2+1	2	13	
	<b>Жиыны:</b>	<b>72</b>	<b>48</b>	<b>20</b>	<b>13</b>	<b>153</b>	
	Делегациялар басшысы					2	
	<b>Барлығы:</b>						<b>155 адам</b>

Өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, өткізуші ұйымның ұйғаруы бойынша Ойындардың алдыңғы кезеңдердегі бағдарламасына басқа спорт түрлері енгізілуі мүмкін.

Әр облыстың өкілдері мандат комиссиясын өту алдында Бас төрешілер алқасына облыстық жарыстарды өткізгендігі туралы есепті ұсынуы қажет.

## VI. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ:

Ойындардың нәтижелері бойынша мыналар анықталады:

1. Жалпыкомандалық орындар.
2. Спорт түрлерінен командалық есеп (волейбол, жағажай волейбол, стритбол) командалық есеп ерлер мен әйелдер арасында бөлек анықталады).
3. Бағдарламаның жекелеген түрлерінде жеке орындар.

Жалпыкомандалық орындар 12 спорт түрінен қатысу нәтижелерінде жиналған ұпайлардың ең көп сомасы бойынша анықталады.

**Спорттың ойын түрлерінен (волейбол, шағын футбол, жағажай волейбол,  
стритбол) ұпайларды есептеу кестесі**

орындар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
ұпайлар	30	25	20	18	17	16	15	14	13	12	11	10	9	8	7	6

### Ойын түрлерінен басқа, спорт түрлерінен ұпайларды есептеу кестесі

орындар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
ұпайлар	25	23	21	19	17	15	13	11	9	7	6	5	4	3	2	1

Екі немесе одан көп командалардың ұпайлары тең болған жағдайда, Ойындардың кешенді есебінде бірінші, екінші және т.б. орындарының саны көп ұжымға артықшылық беріледі.

Қандай да бір спорт түрінде ұпайлар тең болса, Ойындар бағдарламасында жекелей есепте бірінші, екінші және т.б. орындары көп команда артықшылыққа ие болады.

Жалпыкомандалық 1-3 орындарды жеңіп алған командалар Комитеттің кубоктары және дипломдарымен марапатталады. Ойындардың бағдарламасындағы спорт түрлерінен 1-3 орындарды иеленген командалар кубоктармен, 1-3 дәрежелі медальдармен және дипломдармен, ал команда мүшелері тиісті дәрежелі медальмен және дипломдармен марапатталады.

Ойындар бағдарламасының жекелеген жарыстарында 1-3 орындарды иеленген спортшылар Комитеттің тиісті дәрежелі медалі және дипломдарымен марапатталады.

### VII. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ:

Ойындардың ақтық жарыстарын дайындау мен өткізу бойынша шығыстар келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясы» РМҚК спорт ғимараттарын ұсыну қызметі, көлікті жалға алу, жарнамалық, марапат нышандары мен баспа өнімдерін әзірлеу мен жасау, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау, «Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясы» РМҚК-ның төрешілік қызмет көрсететін қызметкерлеріне еңбек ақысын, жол ақысын, тамақтануы және тұру ақысын, шақырылған төрешілерге еңбек ақысын, бейнероликті жасау, дыбыстау, жариялау үшін шығыстарды көтереді.**

**Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы** жергілікті уәкілетті органдармен (келісім бойынша) бірге облыстардың, Астана мен Алматы қ.қ. құрама командаларына автокөлік бөледі, қатысушылар тұратын орындар мен жарыстар өтетін жерлерде қоғамдық тәртіптің сақталуын, медициналық қызметтің жұмысын, төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтің жұмысын қамтамасыз етеді, Ойындарға қатысушыларға тұратын және тамақтанатын орындарды, Ойындардың ашылуы, жабылуы рәсімдерін және өтетін орынды, қоюшы-режиссерлік топтың қызметін, әрбір спорт түрі бойынша марапаттау рәсімін, марапат тобының жұмысын ұсынады.

**Іссапарға жіберетін ұйымдар** командалардың (спортшылар, өкілдер, төрешілер және т.б.) Ойындардың ақтық жарыстарына іссапарға шығуымен байланысты шығыстарды (екі жаққа жол ақысы, жолдағы тәулікақы, тұру, тамақтану, спорттық делегацияның бірыңғай киімін, спортшыларды сақтандыру) шығыстарын көтереді.

## **VIII. НАРАЗЫЛЫҚ БЕРУ:**

Наразылық беру немесе даулы сұрақтарды шешу әрбір спорт түрі бойынша бекітілген қағидаға сәйкес жүргізіледі.

## **IX. ЖАРЫСТАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ:**

### **ВОЛЕЙБОЛ:**

Командалық жарыстар. Қатысушылар құрамы - 10 адамнан құрылған ерлер және әйелдер командалары, 2 жаттықтырушы, 1 төреші.

Жарысты өткізу шарттары мандат комиссиясынан өткеннен кейін спорт түрлерінен төрешілер алқасының отырысында анықталатын болады.

### **ШАҒЫН ФУТБОЛ:**

Командалық жарыстар. Команда құрамы: 9 спортшы, 1 жаттықтырушы, 1 төреші. Шағын футболдан жарыстар ФИФА қағидалары және «Қазақстан Республикасында футболдан жарыстар өткізу регламентіне» сәйкес өткізіледі.

Жарысты өткізу шарттары мандат комиссиясынан өткеннен кейін спорт түрлерінен төрешілер алқасының отырысында анықталатын болады.

### **ҚАЗАҚ КҮРЕСІ:**

Жекелей-командалық жарыстар. Команда құрамы: 16 спортшы, 2 жаттықтырушы-өкіл, 1 төреші. Жарыстар Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті 2011 жылы бекіткен қолданыстағы жарыс ережесі бойынша өткізіледі. Салмақ дәрежелері: ерлер – 55, 60, 66, 74, 82, 90, 100, +100 келі және абсолюттік салмақ дәрежесіндегі; әйелдер – 48, 52, 57, 63, 70, 78, +78 келі. Салмақ дәрежелерінде қосарлауға жол берілмейді.

Командалар орындар команда мүшелерінің жинаған ұпай сандары бойынша анықталады.

Жарыс хаттамасында екі 3-ші орын иегерінің болуына байланысты, одан кейінгі орындар автоматты түрде екі 5-ші, екі 7-ші, екі-9 ші, алты 11-ші болып есептеледі. Осыған байланысты, әрбір спортшыға ұпай саны спорт түрлерінен орын алғаны үшін берілетін ұпайлар кестесіне сәйкес иеленген орнына байланысты беріледі.

### **ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ:**

Жекелей-командалық жарыстар. Команда құрамы: 2 ер, 2 әйел, 1 жаттықтырушы, 1 төреші. Жарыстар Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі бекіткен қолданыстағы қағида бойынша өткізіледі. Ойындар «швейцарлық жүйе» бойынша (тақта бойынша) өтеді.

### **ГІР КӨТЕРУ СПОРТЫ:**

Жекелей-командалық жарыстар. Команда құрамы: 7 спортшы, 1 жаттықтырушы, 1 төреші. Салмақ дәрежелері – 63, 68, 73, 78, 85, 95, +95 кг. Кез келген бір салмақ дәрежесінде қосарлауға рұқсат етіледі. Барлық қатысушылар жарыс басталғанға дейін 1 күн қалғанда өлшенеді. Өлшену кезінде жеребе тасталады. Жарыс 32 келі салмақтағы гир тасымен болатын жарыстардың қағидасына сәйкес өткізіледі. Әрбір қатысушыға жаттығуды орындау үшін 10 минут беріледі.

### ҚОЛ КҮРЕСІ:

Жекелей-командалық жарыстар. Команда құрамы: 6 спортшы, 1 жаттықтырушы-өкіл, 1 төреші. Жарыс түрегеп тұрып, екі жеңілістен кейін шығу халықаралық ережелері бойынша өткізіледі. Әрбір қатысушы оң және сол қолдарымен (қоссайыс) өнер көрсетеді. Салмақ дәрежелері – 60, 70, 80, 90, 100, +100 кг. Кез келген салмақ дәрежесінде қосарлауға рұқсат етіледі, бірақ екеуден артық емес. Командалық есепке әрбір қатысушының оң және сол қолымен жинаған нәтижелерінің сомасы есептеледі.

### ҮСТЕЛ ТЕННИСІ:

Жекелей-командалық жарыстар ( ерлер бөлек және әйелдер бөлек), жалғыз разряд (ерлер мен әйелдер бөлек). Команда құрамы: 3 ер, 3 әйел, 2 жаттықтырушы, 1 төреші.

### ЖАЗҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК КӨПСАЙЫС:

Жекелей-командалық жарыстар. Жарысқа ерлер мен әйелдердің әр жас тобынан (18-20, 21-23, 24-34, 35-39, 40-49, 50-59, 60 жас және одан үлкендер) бір қатысушы қатысады және соның нәтижесі есепке алынады. Команда құрамы – 17 адам, соның ішінде 7 ер, 7 әйел, 2 жаттықтырушы, 1 төреші.

команда	Команда құрамы			есеп		
	спортшы	жаттықтырушы	төреші	әйелдер	ерлер	Барлығы
облыс	14	2	1	7	7	14

Жарыс бағдарламасы:

Түрі	әйелдер			ерлер		
	18-39 жас	40-59 жас	60 және одан үлкендер	18-39 жас	40-59 жас	60 және одан үлкендер
ату	III-ВП,ПП	III-ВП,ПП		III-ВП,ПП	III-ВП,ПП	
жүгіру	100м.	60м.		100м.	60м.	
лақтыру	Снаряд 500г.	500г	300г	Снаряд 700г.	700г	500г
жүзу	100м.	50м.		100м.	50м.	
жүгіру	2000м.	1000м.	500м	3000м.	2000м.	1000м
1 күн	Пневматикалық қарудан ату					
2 күн	Снаряд лақтыру					
3 күн	Спринт, жүзу					
4 күн	Кросс					

### АСЫҚ АТУ:

Жекелей-командалық жарыстар. Команда құрамы: 3 ер, 3 әйел, 1 жаттықтырушы, 1 төреші. Жарыстар Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті 2011 жылы бекіткен қолданыстағы жарыс ережесі бойынша (бес табан – ерлер, бес асық - әйелдер) өткізіледі. Жарысты өткізу шарттары мандат комиссиясынан өткеннен кейін спорт түрлерінен төрешілер алқасының отырысында анықталатын болады.

### ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫ:

Командалық жарыстар. Қатысушылар құрамы - 2 адамнан құрылған ерлер және әйелдер командалары, 2 жаттықтырушы, 1 төреші.

Жарысты өткізу шарттары мандат комиссиясынан өткеннен кейін спорт түрлерінен төрешілер алқасының отырысында анықталатын болады.

### ВОРКАУТ:

Жекелей-командалық жарыстар. Команда құрамы: 13 адам (ерлер – 6 спортшыға дейін, әйелдер – 6 спортшыға дейін, 1 жаттықтырушы-өкіл).

Төрешілер алқасы – 3 адам (1 тәуелсіз төреші, 1 төреші - «Street Workout» Федерациясының өкілі және қабылдайтын жақтан - 1 төреші). Жарысты өткізу шарттары мандат комиссиясынан өткеннен кейін төрешілер алқасының отырысында анықталатын болады.

### Жарыс бағдарламасы:

Жаттығу түрі	Ереже
Фристайл (ерлер)	3 минут
Фристайл (әйелдер)	2 минут
Кермеге тартылу қосымша 24 кг гір тасымен (подтягивание на турнике с доп.весом 24 кг.)	рет
Қоссырықпада кеудені көтеру қосымша 32 кг гір тасымен (отжимание на брусьях в весом 32 кг)	рет
Кермеге екі қолға күшпен шығу (выход силой на две руки)	рет
Уақытқа алдыңғы ілігу жаттығуы (удержание переднего виса на время)	секунд
Швед керегесінде жалауша жаттығуын жасау (упражнение флажок на шведской лестнице)	секунд

### СТРИТБӨЛ:

Командалық жарыстар. Команда құрамы: 8 спортшы (4 ерлер, 4 әйелдер), 1 төреші, 2 жаттықтырушы. Жарыс ресми 3x3 баскетбол ойынының және ФИБА ережесімен ерлер және әйелдер арасында өткізіледі. Жарысты өткізу шарттары мандат комиссиясынан өткеннен кейін төрешілер алқасының отырысында анықталатын болады.

### СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАУ:

Команда құрамы: 8 спортшы (4 ерлер, 4 әйелдер), 2 жаттықтырушы, 2 төреші, 1 өкіл. Жарыстар Қазақстан спорттық бағдарлау федерациясы 2017 жылғы 6 желтоқсанда бекіткен жарыс ережесі бойынша өткізіледі.

### Х. ӨТІНІМДЕРДІ БЕРУ МЕРЗІМІ:

Ойындардың ақтық жарыстарына қатысуға сандық өтінімдер (№ 1 қосымша) Ұйымдастыру комитетіне 2018 жылғы 15 тамызға дейін беріледі, мына мекен-жайға: Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8 үй, № 635 каб. – ұлттық спорт түрлері басқармасы, тел/факс: 8-7172-74-12-64, 74-11-61, e-mail: [kaha-1983@mail.ru](mailto:kaha-1983@mail.ru), [maksatk@mail.ru](mailto:maksatk@mail.ru) және Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына телефон/факс: 8-7292-33-62-35, e-mail: [sport@mangystau.gov.kz](mailto:sport@mangystau.gov.kz).

Атаулы өтінім (№ 2 қосымша) және әрбір қатысушының тиісті құжаттары Ойындардың мандат комиссиясына командалардың келген күні - 10 қыркүйекте тікелей ұсынылады. Мандат комиссиясына Ойындардың алдыңғы кезеңдерінен өту туралы мәтіндік және фотоесеп тапсырылады.

**XI. ӨТІНІМДЕРДІҢ НЫСАНЫ:**

**№ 1 қосымша**

**САНДЫҚ ӨТІНІМ**

\_\_\_\_\_ делегациясынан  
(өңірдің атауы)

	СПОРТ ТҮРІ	Қатысушылар саны						
		СПОРТШЫЛАР			Жаттықтырушы	төреші	басшы	Барлығы
		Ер	Әйел	Барлығы				
1.								
2.								
3.								
4.								
5.								
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>								

Делегацияның ресми басшысы \_\_\_\_\_

Телефон, факс \_\_\_\_\_ электронды пошта



**АТАУЛЫ ӨТІНІМ**

Спорттық делегация \_\_\_\_\_  
 (өңірдің атауы)  
 \_\_\_\_\_ бойынша  
 (спорт түрінен)

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, жылы, айы	Спорттық атағы	Спорт ұйымы	Дәрігердің қолы мен мөрі
1					
Жаттықтырушы					
Жаттықтырушы					

Облыстық, Астана, Алматы қ.к. ДШ және спорт басқармасының басшысы \_\_\_\_\_

Делегацияның ресми өкілі \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_)

Осы өтінімде көрсетілген \_\_\_\_\_ спортшы денсаулық жағдайына байланысты жарыстарға қатысуға жіберілді

Медициналық мекеменің бас дәрігері \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә)

Медициналық мекеменің мөрі

Осы өтінім 10 қыркүйектегі мандат комиссиясының отырысына тапсырылуы қажет.

**Ұйымдастыру комитеті**